

**ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ДИПЛОМАТИЯ**

Мәжкен Нұрай

Ғылыми жетекшісі: PhD докторы, профессор ассистенті Смағұлов Н.Б.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті

smagulov_ist@mail.ru

Қарағанды қ.

Әлем тарихындағы Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін орын алған глобальді сипатқа ие экономикалық дағдарыстар XX ғасырдың 30-40 жылдарында әлем державаларының арасындағы халықаралық қатынастардың ушығуына әкелді. 1930 жылдары халықаралық дипломатияда орын алған, агрессивті түрде жүргізілген Германия, Жапония, Италияның әскери қозғалыстары Екінші дүниежүзілік соғыстың басталу алғышарттарын қалыптасуына жағдай жасағаны сөзсіз де түсінікті. Қиыр Шығыста Қытайды басып алуды көздеген Жапония 1931 жылы Маньчжурияны оккупациялап, Маньчжоу Го атты қуыршақ мемлекет құрады. Бұл жағдай Ұлттар Лигасының қарсылығын тудырып, 1933 жылы Жапонияның Лигадан шығарылуымен аяқталады. Осылайша, екінші әлемдік соғыстың басталуының алғашы ошағы Қиыр Шығыстағы мемлекеттердің әскери қақтығыстары да себеп болды. Германияда фашисттердің билікке келуі Еуропадағы халықаралық жағдайдың күрделене түсуіне алып келіп, Еуропадағы соғыс ошағының жандануына әсерін тигізді. 1933 жылы фашистік Германияның Ұлттар лигасынан шығуы, Батыс Еуропа державларының әлемдегі саяси жағдайдың барған сайын ушығып бара жатқанына көз жеткізді. 1938 жылы Германия әскері Австрия территориясына еніп, Австрияны Рейхтің құрамына қосты. Батыс державаларының тарапынан аншлюс толығымен әскери жаулаушылық сипатқа ие операция ретінде танылғанына қарамастан, бірде бір үкіметтік билік ендігі Еуропаны басып алуға бағыт алған Гитлерді тоқтатып, оған қарсы тұру арқылы жағдайдың одан әрі қиындауына жол бермес үшін ешқандай шара қолданбады.

Бұл кезекте, агрессивтік қозғалыстар Эфиопияға 1935 жылы әскерін енгізіп, 1936 жылы оны басып алған Италия тарапынан жүргізіле бастады. Италияның тиым салынған химиялық газды қаруды қолдануы Ұлттық Лиганың Италияны айыптап, бұл әрекетті тікелей басқыншылық сипатқа ие деп таныды. 1938 жылы Германия мен Италия бірігіп Испанияда фашистік режимнің орнауына ықпал етті. Сол жылдың 29-30 қыркүйегінде Мюнхен конференциясында Германияның, Ұлыбританияның, Францияның және Италияның үкімет басшылары өзара шабуыл жасамау келісінде Германияның пайдасына Чехословакияның Судет облысын 10 күннің ішінде Германия құрамына қосу туралы шешімге келді. Бұл жалпы, Еуропа жеріндегі халықтың наразылығының жандануына себеп боды.

Жоғарыда айтылып кеткен фактілердің барлығы әлем тарихының XX ғасырындағы державалар арасындағы халықаралық қатынастардың күрделенуімен тікелей байланысты екінші дүниежүзілік соғыстың басталуының заңды процесін жандандырған бірден бір қозғаушы күші ретінде қарастырылады. 1939-1945 жылдар аралығындағы халықаралық қатынастардағы дипломатия мәселесі қай заманның болмасын, кеңінен зерттелуді қажет ететін тарихи өзекті тақырыптардың бірі. Соғыс барысында мемлекеттер арасында геосаяси өзгерістер орын алып, көптеген дипломатиялық келісімдер мен келіссөздер жүргізілді. Халықаралық қатынастарда аса маңызды рөлі болған бұл оқиғалар әлемнің алдағы геосаяси жағдайының толығымен өзгеруіне және күрделене түсуіне алып келді.

Екінші дүниежүзілік соғыс әлемдік экономикалық дағдарыстарға байланысты XX ғасырдың 30 жылдарында геосаяси аренада жиі орын алған көптеген әскери қақтығыстардың 1940-х жылдарда бір атауға ие болып біріктірілген жиынтығы деп айтсақ болады. Бұл оқиға әлемдік тарихта аса маңызды орын алған, және көптеген қарама-қайшылығы бар қай заманның болмасын өзектіде, күрделі тақырыбы болып саналады.

1933 жылы 30 қаңтарда Гитлер үкімет басына келгеннен кейінгі алғашқы жылдардағы басты сыртқы саяси міндеті ретінде, Версаль келісімімен міндеттелген Германияға қатысты әскери іс жүргізуге кедергі тудыратын шектеулерден құтылу болды. Және де, ол өз көздегеніне қол жеткізе алды, себебі, көптеген шығынға алып келетін қан төгісті соғысты болдырмауды қалаған қоғам тарапынан қысым сезінген Франция және Ұлыбритания лидерлері қандай жолмен болмасын, тіпті жеңілдіктер жасау жолымен болса да соғыстын алдын алып, оны болдырмауға жағдай жасауға тырысты. Сонымен қатар, Франция және Ұлыбритания үкіметі Германияға қойылған шектеулер жойылған жағдайдың өзінде, оның әскери потенциалының қалпына келтіруін екі талай екеніне сенімді болды [1, 29 б].

Одан бөлек, Италияның 1935 жылы Африканың тәуелсіз мемлекетінің бірі Эфиопияға әскерін енгізуі, және тиым салынған газды қаруды пайдаланудағы әрекеттері Ұлттық лиганың қарсылығын тудырды. Осы жылдар аясында Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы агрессор мемлекеттерінің блогы қалыптаса бастайды. 1936 жылы Германия мен Жапонияның арасында антикоминтерндік пактіге қол қойылды және келесі

жылы бұл пактіге Италия қосылады. 1931 жылы Жапония Маньчжурияны басып алып, 1937 жылы Қытайға қарсы шабуыл жасайды, бір ай шамасынан кейін КСРО мен Қытай келісім жасап ол бойынша КСРО Қытайға әскери қолдау көрсетуге міндеттелді. Осы жағдайдың барлығы Жапония мен КСРО арасындағы қарым қатынастың одан сайын қиындатылуына, және мемлекеттер арасындағы бір-біріне деген жеккөріністілік сипатқа ие саяси көзқарастың қалыптасуына әсерін тигізгені сөзсіз. 1938 жылы, мамырда Халхин-Гол өзенінің маңында Жапония Моңғол Халық Республикасына әскери шабуыл жасады. КСРО одақтастарына көмек көрсетіп, 1939 жылдың тамызына қарай Г.И. Жуков басқарған әскери операция нәтижесінде Жапон әскері Маньчжурияға шегіндірілді.

1936-1939 жылдар шамасында Пириней түбегіндегі болып жатқан азаматтық соғыста әлемдік дипломатияда өзіндік маңызға ие болды. Ашып айтсақ, 1936 жылы Испаниядағы коммунисттер, социалисттер, республикашылар, анархисттерді біріктірген Халықтық майдан мемлекеттік сайлауда жеңіске жетті. Бірақ сайлаудың нәтижесіне наразы генерал Франсиско Франко басқарған фашистік қозғалыс мемлекеттік үкіметке қарсы көтеріліс бастайды. Бұл көтеріліс Испанияда азаматтық соғыстың жандануына алып келеді. Бұл мүмкіндікті тиімді қолдануға тырысқан Германия мен Италия өз кезегінде, өздерінің Испаниядағы фашистік жақтастарына үлкен дипломатиялық және әлеуметтік көмек бере бастағаны заңды әрекет. Испаниядағы соғыстан хабардар болып отырған АҚШ, Англия, Франция бұл жағдайды Испанияның жеке мемлекеттік ісі деп танып, «араласпау саясатын» жариялайды [1, 32 б].

КСРО барынша республикашылдарға әскери техникалық қару-жарак, ресурстар, азық-түлік, керекті шикізат өнімдерін жіберу арқылы көмек көрсетті. Алайда, олардың қарсыластарына Германия мен Италия тарапынан көрсетіліп жатқан көмектің ауқымы әлде қайда күштірек болуы, бұл аренадағы фашистік лидерлердің басымдылығын айқындай түсті. 1939 жылдың көктем мезгілінде Испаниядағы франкисттер мемлекеттің күллі территориясына өздерінің бақылауын орнатты, сәйкесінше, бұл ситуация Еуропадағы фашистік Германия мен Италия ықпалының күшейгенінің бірден бір дәлелі еді.

Батыс Еуропалық екі ең күшті державлар Ұлыбритания және Франция Германияның сыртқы саясатының мәнін түсіне отырып, алда болуы мүмкін деп санаған Екінші дүниежүзілік соғыстың алдын алу мақсатында «тыныштандыру» саясатын жүргізе бастайды. Еуропаны күл талқан еткен Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі геосаяси жағдайда миллиондаған адамдардың өлімі, мемлекеттердегі экономикалық дағдарыс, әскери саладағы коллосальді сипаттағы шығындар секілді қарама-қайшы фактілердің барлығы державалардың жаңа соғысқа дайын емес екендігінің бірден бір көрсеткіші болды. Сол себепті, Ұлыбритания және Франция әлемде тыныштықты сақтап, жаңа қақтығыстар мен шиеленістерді болдырмай, тағы бір глобалды дағдарысқа, барлық экономикалық және саяси салаларда орасан зор шығындарға алып келетін, әлемді дүр сүлкіндіретін Екінші дүниежүзілік соғысты мақсатты түрде алдын алуға тырысты [2, 163 б].

Мюнхен конференциясы. 1938 жылы 29-30 қыркүйекте Мюнхенде Ұлыбританияның премьер-министрі Невилл Чемберлен, Франция премьер-министрі Эдуард Даладе, Германия рейхканцлері Адольф Гитлер және Италия диктаторы Бенито Муссолини өзара шабуыл жасамау пактісінің аясында 1 қазаннан бастап Чехословакияның Судет аймағы Германияға беріледі, есіне Германия Чехословакияның қалған аумағына дәмеленуден бас тартып, қақтығыстар ұйымдастырмауға келісімін беріп, келіссөзге отырады [3, 136 б]. Бұл конференция барысында Чехословакия үкіметін және егемендігін ашықтан-ашық елемей, оны дәл әлемдік державалар қолындағы қуыршақ секілді қалауынша бөліске салуы халықаралық наразылық тудырғаны сөзсіз. Бірақ, бұның өзінде, бұл келісім соғыстың басталу уақытын тек қағаз жүзінде ғана сәл шегіндірді. Іс жүзінде, Мюнхен келісімі, агрессоры саяси стратегиясын жүзеге асыруға дайын тұрған фашистік Германия мен оның одақтастары үшін ешқандай саяси және дипломатиялық мәнге ие болмады.

Молотов-Риббентроп пактісі. 1939 жылы 23 тамызда Германия жақтан сыртқы істер министрі Риббентроп және КСРО министрі Молотов атышулы және әлемге әйгілі өзара шабуыл жасамау пактісіне қол қойды [1, 35 б]. Бұл келісім сонымен қатар, әлем тарихында «Молотов-Риббентроп пактісі» деген атаумен әйгілі. Келісіммен бір мезгілде, тараптар арасында КСРО және фашистік Германияның ықпал ету аймағы және мүдделі салаларын айқындайтын құпия хаттамаларға қол қойылды. Яғни, Германия және КСРО Шығыс Еуропа аймағын өздерінің мүдделік мақсаттарын көздей отырып, өзара бөлшекке салған әлемнің саяси аренасында халықаралық наразылық және қарама-қайшылық тудырған құпия келісімге отырады. Ұзақ жылдар бойы, кеңестік тарихи ғылым бұл протоколдерді толығымен жоққа шығарып, бұл пактіге отырудың әлемде бейбітшілік сақтаудың қандай маңызды қадам екендігін түсіндіріп келді. Құпия хаттаманың шарты бойынша КСРО ықпал ету аймағына Латвия, Эстония, Финляндия Польшаның шығыс аймағына кіретін облыстар және Бессарабия кірді. Литва және Польшаның батысы толығымен Германияның құзыретіне берілді. Бұл пактінің сонымен қатар КСРО үшін жақсы жақтарыда болғаның атап кеткеніміз жөн болады. Шығыс жақтан Жапония және батыс жақтан Германиядан қауіптенген Сталин КСРО-ның әскери потенциалын қалпына келтіріп, күшін арттыру үшін келісім арқылы уақыт ұтып алуға тырысты [4, 91 б].

1939 жылы 1 қыркүйекте Германия Польша жеріне басып кіру арқылы Екінші дүниежүзілік соғысты бастайды. Англия және Франция Германияға қарсы соғыс ашады. Америка үкіметі герман-польшалық конфликтіге қатысты бейтараптылық туралы заң қабылдайды. Сонымен қатар, скандинавиялық, балтикалық, балқан мемлекеттерінде бейтараптылық позициясын ұстануға тырысады. Заң жүзінде бұл мемлекеттер әскерлерін соғыс жағдайына бейімдеп майдан құрады. Алайда, құрлықтық майданда ешқандай әскери қозғалыстар байқалмағандықтан бұл жағдай «оғаш соғыс» атауын алды. [5, 49 б] Молотов-Риббентроп

пактісінің құпия келісімі бойынша 17 тамызда КСРО-ның ірі әскери құрамалары Польша мемлекетінің шығыс жағынан басып кірді.

8 ай ішіндегі соғыс жағдайындағы тыныштық, Германиямен үлкен соғыс басталмайтындығына, Германия және Польша арасындағы конфликтінің түсініспеушілік екендігіне және соғысушы державалар ымарға келугені туралы халықта үміт пайда болады. КСРО ға қарсы әскери дайындықтар мен дұшпандық әрекеттер Лондон мен Париждің назарын – өзінің экономикалық және әскери потенциалының әр саласын жетілдіріп, Еуропаға күшті соққы жасауға дайындалып жатқан Вермахт әскерінен тыс жаққа аударып жібереді [6, 85-86 б]. Осындай стратегияны құрған Гитлер 1940 жылдың көктемінде Дания және Норвегияға қарсы әскери операциясын бастайды. Батыс Еуропа мен Солтүстік Африкадағы үшінші рейхтің жеңісі, Францияның жеңілуі, Греция мен Югославияның оккупациялануы, агрессивті блок державаларының Таяу Шығысқа қарай ілгері жылжуы секілді фактілер әлемдегі жағдайды одан сайын шиеленісуіне алып келді. Францияның капитуляциясынан кейін белгілі бір уақыт шеңберінде Англия Батыс Еуропа майданында Германияға қарсы жалғыз күреседі. Ағылшын премьер-министрі У.Черчилль Германияға қарсы күресті бағылдық және табандылық таныту арқылы жеңіске жететіндігін жариялап, Германияның капитуляциясын мойындаудан бастартады: «если не выживет Британская Империя, то не выживет все то, за что мы боролись, не выживет ничто из того, за что человечество борется в течении многих веков» [6, 62-63 б].

Бейтараптық саясатын ұстанған АҚШ, Еуропадағы неміс, Африкадағы италиян, Қытайдайғы жапон экспансияларының өзінің мемлекеттік мүдделеріне тікелей қауіп төндіретіндігінен Англиямен одақ құру мақсатында әрекет ете бастайды. 1941 жылы 11 наурызда Америка конгресі Президент Ф.Рузвельттің инициативасы бойынша «ленд лиз» принципіне негізделген фашизмге қарсы күрес жүргізіп жатқан мемлекеттерге көмек көрсету туралы заң қабылдайды. «Ленд лиз» заңы бойынша Президент АҚШ-тың қауіпсіздігі үшін маңызды деп табылатын кез кезген антифашисттік мемлекетке шикізат, азық-түлік, әскери қару жарак, техникалық құралдар және басқада материалдар мен тауарларды сату, жалға беру, айырбастау құқығына ие болды.

Германияның Англияға қарсы әскери операциялары, англо-американ қатынастарының дамуына және ағылшын-американдық блоктың қалыптасуына ықпал етті. 1940 жылы 2 қыркүйекте АҚШ Ұлыбританиямен әскери ынтымақтастық туралы алғашқы келісімге қол қойды.

1941 жылы 22 маусымда Германия КСРО территориясына басып кіреді. Осы сәттен Ұлы Отан соғысы басталады. КСРОның фашисттік блокқа қарсы күресте маңызды рөлін түсінген Англия және АҚШ билігі Кеңестік державаға барынша экономикалық және әскери тұрғыдан көмек көрсететіндігі жайлы хабарлайды.

Бастапқы жағдайда, Англия және АҚШтың КСРО-ға деген одақтас ретіндегі және оның соғысқа деген дайындық деңгейіне қатысты көзқарастары біршама сыни сипатқа ие болды. Москва түбіндегі шайқастағы кеңес әскерінің жеңісін және контр шабуылдарын бақылаған АҚШ және Англия фашисттік агрессорлар блогына қарсы үш ұлы державалар арасындағы одақтастықтың нығая түсуіне жағдай жасады. Рузвельт пен Черчилльдің 1941 жылы 14 тамыздағы кездесуінің нәтижесінде Атлантикалық хартия деп аталған англо-американдық декларацияға қол қойылды. Сол жылдың қыркүйек айында Атлантикалық хартияны бекіту үшін Лондонда одақтасаралық конференция шақырылған болатын. Оған КСРО, Ұлыбритания, Белгия, Чехословакия, Греция, Польша, Шарль де Голль басшылық жасаған «Еркін Франция» қозғалысы және т.б антифашисттік мемлекеттер шақырылды. Бұл антигитлерлік коалицияны құру мен нығайтудағы, фашисттік басқыншыларға қарсы біріккен мемлекеттердің халықаралық қатынастардағы аса маңызды қадамы болды.

1942 жылы 1 қаңтарда фашисттік агрессорлар блогына қарсы соғысқан 26 мемлекет өкілдері Вашингтонда тарихқа «Біріккен Ұлттар Декларациясы» деген атаумен енген келісімге қол қойды. Оның кіріспе бөлімінде өмірді, бостандықты, тәуелсіздікті қорғау, және адам құқығы мен әділеттілікті сақтау үшін ортақ жауды жеңу маңыздылығы баяндалады. Бұл Декларацияның жарық көруі әлемнің геосаяси аренасында фашисттік агрессорлар блогына қарсы үш ұлы КСРО, АҚШ, Англия державаларының басшылығымен 26 мемлекеттен тұратын антифашисттік коалицияның құрылғандығының бірден бір дәлелі болды.[3, 189 б]

1943 жылдың күзінен бастап одақтастар арасында соғысты тоқтату және соғыстан кейінгі саяси жүйе туралы келіссөздер жүргізіле бастады. 1943 жылы 19-30 қазанда Мәскеуде Қытайдың қатысуымен КСРО, АҚШ, Англия сыртқы істер министрлерінің конференциясы өтті. Конференцияда үш үкіметке Еуропада соғыс қимылдарын тоқтатуға және гитлерлік коалиция елдерінің капитуляциясына қатысты шарттар ұсынған Еуропалық консультативтік комиссия құрылды.

Каир конференциясы. Тегеранға жолай Рузвельтпен Черчилль 23 қарашада Каирде кездеседі. Конференцияда негізінен Қиыр Шығыс мәселелі қарастырылғандықтан, Чан Кайши де қатысқан болатын. Ағылшын өкілдері бұл жағдайға наразы болды. Себебі Черчилльдің айтуы бойынша, конференциядағы талқыланған Қытайға қатысты «сағызша созылмалы» мәселелер, әлем бейбетшілігі үшін шын мәнінде маңызды англо-американдық келіссөздерге кедергі келтірді [7, 263 б]. Черчилльдің оппозициясына қарамастан, Рузвельт Бирманы азат ету арқылы, Қытаймен байланыс орнату мәселесін шешіп, нәтижесінде Қиыр Шығыс декларациясын қабылдады.

Тегеран конференциясы. 1943 жылы 28 қараша мен 1 желтоқсан аралығында Иран астанасы Тегеранда үш держава үкіметі басшыларының конференциясы өтті. Ф.Рузвельт, И.Сталин, У.Черчилль алғаш рет кездескен тегеран конференциясында Еуропада екінші майдан ашу мәселесі және алдағы уақыттағы соғыс қимылдарын бірлесе жүргізу мәселелері жан жақты талқыланған болатын. Екінші майданды қай жерде ашу

керек деген мәселені қарастырғанда, Черчилль ағылшы-американ әскерлерін Балқанға жеткізуді ұсынды, ал Сталин Германия шекарасына неғұрлым жақын жерге – Солтүстік Францияда ашуды ұсынды. Ф.Рузвельт Сталинді жақтады: 1944 жылдың мамырында Францияның солтүстігінде екінші майдан ашу туралы шешім қабылданды. Сонымен қатар, соғыс аяқталғаннан кейінгі әлемді халықаралық ұйымның құзыреті шекарасында жұмыс істейтін державалар басқаратындығы жайлы мәлімдеме жасалынады. КСРО үшін бұл үлкен серпіліс болса, АҚШ үшін Президент Вильсонның сәтсіз әрекетінен кейін бірінші рет өз құзыретінде глобалды функцияларды атқаруға мүмкіндік берген жетісік ретінде сезілді. Одан бөлек Жапонияға қарсы жүргізілген соғыс қозғалыстары назардан тыс қалмады. Сталин Германияның жеңгеннен кейін Жапонияға қарсы соғыс жариялайтынын мәлімдеді. Бұл конференция Үлкен үштіктің алдағы геосаяси саяси ситуациядағы позицияларын айқындай түсті.

1944 жыл қызыл армияның Еуропадағы белсенді түрде жүргізген әскери әрекеттері мен еуропадағы екінші майдан жағдайында өтті десекте болады.

Ялта конференциясы. 1945 жылы 4 және 11 ақпан аралығында Қырымдағы Ялта қаласында Ливадия сарайында «Үлкен үштік» көшбасшыларының соңғы кездесуі өтті. Ялта конференциясында антигитлерлік коалицияның жетекшілері фашистік Германияны түпкілікті талқандау және Еуропаға сонымен қатар фашизмді жақтаушы мемлекеттерге қатысты саяси мәселелер тізбегін өзара бірлесіп шешу туралы мәселелер қозғалды. Германияны оккупациялау, неміс әскери күштерін қарусыздандыру және тарату, Бас штабты жою туралы шешімдер қабылданды. Черчилльдің Германияны бірнеше тәуелсіз елдерге бөлшектеу жоспары және Рузвельттің неміс өнеркәсібін толығымен жою ұсынысына Кеңес делегациясы толығымен қарсы шықты.

Одан бөлек, Қырым конференциясында жер шарындағы барлық мемлекеттердің ынтымақтастығын қамтамасыз ету және бүкіл әлемде бейбітшілікті сақтау үшін Біріккен Ұлттар Ұйымын құрудың мезімі белгіленді. 1945 жылы 25 сәуірде Сан-Францискода БҰҰ конференциясын шақырту туралы шешім қабылданып, оған осы жылдың 1 наурызына дейін Германия мен Жапонияға соғыс жариялаған барлық мемлекеттердің өкілдері қатыса алатындығы жарияланды. 1945 жылы 26 маусымғы конференция барысында ұлттар арасындағы қатынастарда егемендік теңдігі, басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпауды, халықаралық бейбітшілікпен ынтымақтастықты сақтау мен нығайтуды, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешуді және күш қолданудан бастарту секілді принциптердің негізін салды [7, 265 б].

Потсдам конференциясы. 1945 жылы 17 шілде мен 2 тамыз аралығында Еуропадағы соғыстың қорытындысын шығару үшін Пруссия корольдерінің бұрынғы резиденциясы Потсдамда КСРО, АҚШ және Ұлыбритания үкімет басшыларының үшінші конференциясы шақырылды. Кеңес делегациясын И.Сталин, АҚШ делегациясын Ф.Рузвельттің өмірден өтуіне байланысты жаңа тағайындалған президент Г.Трумэн, және ағылшы делегациясын 28 шілдеден бастап У.Черчилльдің орына келген Л.Эттли басқарды. Конференцияда негізгі проблема ретінде Германдық мәселе қарастырылды. Женімпаз державалардың Германияға қатысты елді қарусыздандыру, әскери өнеркәсібін жою, нацистік ұйымдарға толығымен тиым салу НСДАП-ты яғни, Ұлттық Социалистік неміс жұмысшы париясын тарату секілді маңызды аспектілерді қамтитын саясаттың орталық принциптері талқыланды. Сонымен бірге, державалар неміс халқын жоюды немесе құлдыққа салуды ниет етпеді сондықтан, оларға «өмірлерін демократиялық және бейбітшілік негізінде қайта құруға мүмкіндік беру туралы» уәде берді. Репарациялық төлемдерге келер болсақ, Германияның Кеңес Одағына келтірген шығыны 128 млрд долларына бағаланса, КСРО көлемі 10 млрд АҚШ долларын құрайтын компенсация төлену талабын қойды, сондай-ақ КСРО өз оккупациялық аймағынан және Румыния, Венгрия, Финляндия, Болгария, Шығыс Австрия экономикасына салынған неміс инвестицияларының есебінен репарация алу туралы шешім бекітілді. Державалар Германияның жер үсті теңіз әскери және сауда флоттарын тең бөлу туралы келісті. Дегенмен, Германияның өтемақы төлегеніне қарамастан, одақтастар мемлекетке сыртқы көмексіз өз экономикасын қайта қалпына келтіре алатындай ресурстар қалдыруға тиісті болды [8, 182 б].

Соғыс жағдайынан кейінгі Еуропаның территориялық бөлуіне қатысты мәселелерде назарда тыс қалмады. Шығыс Пруссияның жағалау бөлігі КСРО құрамына кірді, Польшаның батыс шекарасы Балтық теңізінен батысқа қарай Свинемонде (қазіргі Свинуйшье) және Одер өзені бойымен Батыс Нейсеге құйылғанға дейін, содан кейін осы өзеннің бойымен Чехословакия шекарасына дейін бекітілді.

Жапонияға қатысты декларация қабылданып, КСРО Қырым конференциясында бекітілген шарттарға байланысты соғыс жариялауға міндеттелді.

Қарқынды саяси күрес және әр түрлі салалардағы даулар, сондай-ақ, Батыс одақтастарының Кеңес Одағымен болашақ қатынастардан қауіптенгендеріне қарамастан, Екінші дүниежүзілік соғысты қортындылайтын Потсдам конференциясы антигитлерлік коалициясының бірлігінің күшейгендігінің және халықаралық дипломатия тарихында жаңа кезеңнің басталғандығының бірден бір көрінісі болып табылады.

Қорытынды. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі экономикалық дағдарыстар мен саяси шиеленістердің нәтижесінде XX ғасырдың 30-40 жылдары орын алған Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі державалар арасындағы дипломатиялық қатынастар өте күрделі сипатқа ие болды. Аса терең және кең түрде зерттелуді қажет ететін бұл тақырып 1939-1945 жылдардағы әлемдік мемлекеттер арасындағы жүргізілген дипломатиялық саясаттың жалпы жағдайы туралы объективті түрде ақпарат береді. Бұл мақала фашистік агрессивті блок елдерінің инициативасымен орын алған шиеленісті оқиғалардан бастап, адамзат тарихындағы аса қиын кезең – Екінші дүниежүзілік соғыстың соңына дейінгі жылдардағы халықаралық қатынастардағы аса маңызды оқиғаларды қамтиды. Батыс державаларының соғыстың алдын алуы мақсатында Мюнхен

конференциясында Гитлермен келісіп, Чехословакияны бөліске салуы, бұдан кем түспейтін Молотов Риббентроп пактісіне қол қойылуы, XX ғасыр әлемдік саясатта біраз резонанс тудырған оқиғалар екені сөзсіз. Сондықтан, қазірдің өзінде халықаралық қатынастар тарихындағы бұл келісімдер өздерінің өзектілігін әлі күнге дейін жоғалтпады. «Үлкен үштік» және олардың одақтастары құраған антигитлерлік коалицияның құрылуы, соғыс жылдарындағы қиыншылық жағдайға түскен державалардың ортақ мақсат аясында күш біріктіріп, өзара көмек көрсетуі жалпы саясаттағы аса маңызды оқиғалардың бірі болды деп айтсақ болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нгуен Ван Ву. Итоги и уроки Второй мировой войны / Нгуен Ван Ву // Салют, Победа! :Томск : Изд-во ТПУ, 2014.
2. Агаев С.Л. Иран между прошлым и будущим. События, люди, идеи. – М., 1987.
3. Виллар Ж. "Странная война" и предательство Виши. – М., 1962.
4. История международных отношений в Новое время/ А. С. Медяков. – Москва: Просвещение, 2007.
5. Всемирная история: Вторая мировая война //А.Н. Бадак, И.Е. Войнич, Н.М.Волчек и др. - Мн.: Харвест.: АСТ, 2002.
6. Страницы дипломатической истории // В. М Бережков – М.: Международные отношения; 4-е изд. 625 стр.
7. Космач, В. А. Вторая мировая война: уроки истории и современность / В. А. Космач // Веснік Віцебскага дзяржаўнага ўніверсітэта імя П. М. Машэрава. – 2005.
8. Мир в XX веке, 11 класс, Сороко-Цюпа О.С., Смирнов В.П., Строганов А.И., 2002.

ОҢШЫЛ ПАРТИЯЛАРДЫ ДЕМАРГИНАЛИЗАЦИЯЛАУ, ЕУРОПАДАҒЫ ОҢШЫЛ ҚАУПШІ БАРМА?

Өмірзақ А.А.

Ғылыми жетекші: аға оқытушы, тарих магистры Е.Н. Аймахов
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Aibekprofi15@gmail.com

Қарағанды қ.

21 ғасыр Еуропадағы, әсіресе Еуропаның ең дамыған елдерінде – Германия, Франция, Италия, Нидерланды, Австрия, Финляндия, сондай-ақ Вишеград тобы елдерінде оңшыл партиялар үшін бетбұрыс болып табылады. Олардың танымалдылығының детонаторы көп, мысалы, Таяу Шығыс және Солтүстік Африка елдерінен келген заңсыз мигранттардың көбеюі, әлемдік дағдарыстан кейінгі экономикалық қиындықтар 2008 нәтиже жұмыссыздық пен құлдырауға әкелді, өмір сүру деңгейі төмендеуі, инфляция, тұрғын үйдің жоғары құны, қауіпсіздік мәселелері, жақында басталған Украинадағы соғыс және тағы басқалар. Жақында Еуропалық парламент сайлауына дейін сауалнамалар мен сарапшылар оңшыл топтар рекордтық орындарға ие болады деп болжады, бұл Еуропаның негізгі саяси партияларына үлкен соққы береді. Бірақ оңшыл партиялар табысқа жетіп, "жасыл" партиялар болса, социал-демократтар мен либералдар орындарынан айырылды. Оңшыл күштер сайлаудағы жеңістердің көпшілігін шынымен қолдады ма, бұл қауіп пе, әлде маркетинг пе? сайлауда алға жылжу, және бұл әлемнің қалған бөлігі мен Қазақстанға әсер ете ме?

Біріншіден, оң және оңшыл партиялардың не екенін түсіну керек. Көрнекі мысал ретінде мигрант адал қарайтын солшыл партиялар оларға баспана беріп, квоталар бөлетінін көрсетуге болады. Ал қарама-қарсы партиялар, яғни оң және оңшыл партиялар мұндай әрекеттерге үзілді-кесілді қарсы және заңсыз иммигранттарды дереу депортациялауды талап етеді. Оң және оң жақ дегеніміз не?

Оң немесе оң популистер - оңшыл саясат пен популистік риторика мен тақырыптарды біріктіретін саяси идеология. Еуропада "оңшыл популизм" термині иммиграцияға, әсіресе ислам әлемінен және еуроскептицизмге қарсы тұруымен танымал топтарды, саясаткерлерді және саяси партияларды сипаттау үшін қолданылады. Бұл сонымен қатар экологияға қарсы, нео-ұлтшылдық, антиглобализм, нативизм және протекционизм сияқты идеологиялармен байланысты[1].

Өте оңшыл - бұл стандартты саяси оң жақтан гөрі сол-оң спектрдің оң жағында орналасқан саясат, әсіресе экстремалды ұлтшылдық, нативистік идеология және авторитарлық тенденциялар тұрғысынан. Фашизм мен нацизмнің тарихи тәжірибесін сипаттау үшін бүгінде оған неофашизм, неонацизм, үшінші позиция, оңшыл, ақ ұлтшылдық және ультра ұлтшыл, шовинистік, ксенофобиялық, теократиялық, нәсілшілдік, гомофобиялық, антикоммунистік немесе реакциялық көзқарастарды ұстанатын басқа идеологиялар немесе ұйымдар кіреді[2]. Тарихи тәжірибе көрсеткендей, биліктегі мұндай партиялар көптеген адамдар жасаған адамзат пен бейбітшілікке қарсы қылмыс сияқты елдер Гитлер Германия, Франкистік Испания, Италия Корольдігі кезінде Муссолини және басқалары спутниктік мемлекет екінші дүниежүзілік соғыс кезінде. Бұл езгіге, зорлық-зомбылыққа, мәжбүрлі ассимиляцияға, этникалық тазартуға және тіпті адамдар тобына қарсы геноцидке әкелуі